Бекітемін:

«Ара Майя» ЖШС

«Ара Майя» бөбекжайы меңгерушісі

Г.Т. Кусаинова

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру үшін бөбекжаймен отбасы арасындағы тәрбиелік және цифрлық серіктестікті жаңа деңгейге көтеру.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы ата-аналар жиналысы «Жаңа маусымдағы тәрбие негіздері және қауіпсіздік»	Қыркүйек	Меңгеруші, педагогтер
2	«Баланың эмоционалдық интеллектін дамыту» сауалнамасы	Қыркүйек	Әдіскер
3	«Әкелер мектебі»: «Адал еңбек – ардың ісі» тақырыптық кездесуі (Баланы еңбекқорлыққа, жауапкершілік пен отансүйгіштікке баулудағы әкенің орны) (Жаңа)	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
4	«Гаджеттер және бала: пайдасы мен зияны» тақырыбында кеңес беру	Қазан	Тәрбиешілер
5	«Бірге үйренеміз» ашық шеберлік сыныптары (Master-classes)	Қараша	Тәрбиешілер
6	«Ұлттық құндылықтар отбасы айнасында» шығармашылық көрмесі («Адал азамат» бағдарламасы аясында)	Желтоқсан	Тәрбиешілер
7	«Баланың дербестігі мен жауапкершілігін қалыптастыру» дөңгелек үстелі	Қаңтар	Әдіскер
8	Тәрбиеленушілердің жеке даму картасы бойынша кеңестер	Жыл бойы	Тәрбиешілер
9	«Толағай» отбасылық-интеллектуалдық және спорттық сайысы	Сәуір	Тәрбиешілер
10	Оқу жылының қорытындылау «Біз өстік, біз дамыдық» жалпы ата-аналар жиналысы	Мамыр	Әкімшілік

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, ата-аналар қауымдастығымен жүйелі әрі мақсатты жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты — балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру үшін бөбекжай мен отбасы арасындағы тәрбиелік және цифрлық серіктестікті жаңа деңгейге көтеру болды.

Қыркүйек айында «Жаңа маусымдағы тәрбие негіздері және қауіпсіздік» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында ата-аналар жаңа оқу жылының міндеттерімен және балалардың қауіпсіздік ережелерімен танысты. Сонымен қатар, балалардың психологиялық жай-күйін тереңірек түсіну мақсатында әдіскердің жетекшілігімен «Баланың эмоционалдық интеллектін дамыту» тақырыбында ата-аналар арасында сауалнама жүргізіліп, қорытындысы талданды.

Қазан айында заман талабына сай өзекті мәселелердің бірі — «Гаджеттер және бала: пайдасы мен зияны» тақырыбында топ тәрбиешілері кеңес берді. Ата-аналарға цифрлық құрылғыларды бала дамуына тиімді пайдалану жолдары түсіндіріліп, арнайы электронды жадынамалар (буклеттер) таратылды. Әкелер мектебімен өткізілген кездесу бала бойына адалдық, еңбекқорлық пен жауапкершілік сияқты «Адал азамат» құндылықтарын сіңірудегі әкенің рөлін айқындап, бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді.

Қараша айында бөбекжай мен отбасы арасындағы практикалық байланысты нығайту мақсатында «Бірге үйренеміз» атты ашық шеберлік сыныптары (Master-classes) өткізілді. Бұл шарада ата-аналар балалармен бірге шығармашылық және танымдық тапсырмаларды орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Желтоқсан айында балалардың бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында «Ұлттық құндылықтар отбасы айнасында» атты шығармашылық көрме ұйымдастырылды. Көрмеге ата-аналар мен балалардың қолдан жасаған біріккен бұйымдары мен қолөнер туындылары қойылды.

Қаңтар айында әдіскердің ұйымдастыруымен «Баланың дербестігі мен жауапкершілігін қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Басқосуда баланың жеке тұлға ретіндегі еркіндігі мен жауапкершілік шекараларын айқындаудағы отбасы мен бөбекжайдың рөлі талқыланды.

Жыл бойы тәрбиешілер тарапынан «Тәрбиеленушілердің жеке даму картасы» бойынша ата-аналарға тұрақты түрде жеке кеңестер мен педагогикалық қолдау көрсетіліп отырды.

Сәуір айында отбасылық құндылықтарды берік ұстану және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Толағай» отбасылық-интеллектуалдық және спорттық сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сайысқа ата-аналар белсене қатысып, зор қолдау көрсетті.

Мамыр айында оқу жылын қорытындылау мақсатында «Біз өстік, біз дамыдық» атты қорытынды ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыста жыл бойы атқарылған цифрлық және тәрбиелік жұмыстардың нәтижелері сараланып, тәрбиеленушілердің қол жеткізген табыстары мен жетістіктері таныстырылды.

Қорытындылай келе, 2024–2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың білім беру және тәрбие процесіне қатысу белсенділігі артып, бөбекжай мен отбасы арасындағы заманауи тәрбиелік және цифрлық серіктестік жаңа деңгейге көтерілді.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 16 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 28 ата-ана

Тақырыбы: «Жаңа маусымдағы тәрбие негіздері және қауіпсіздік»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жаңа бағыттары.
2. Бөбекжайдағы қауіпсіздік ережелері мен цифрлық гигиена.
3. Ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін түсіндірді. Баланың жан-жақты дамуы мен жаңа әдістемелік
бағдарламалардың енгізілуіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер балалардың қауіпсіздігі, бөбекжай ішіндегы тәртіп және баланың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету шараларын талқылады.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар арасынан жаңа оқу жылына арналған комитет құрамы ұсынылып, дауыс беру арқылы бекітілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Жаңа оқу жылының тәрбие жұмыс жоспары бекітілсін және негізге алынсын.
2. Балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша ата-аналармен бірлескен бақылау күшейтілсін.
3. Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы мақұлдансын.

Жиналыс төрайымы: Г.Т. Кусаинова

Хатшы: В.С. Хайруллина

САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 23 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 15 ата-ана

Тақырыбы: «Баланың эмоционалдық интеллектін дамыту»

САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША:

- Баланың көңіл-күйін түсініп, онымен ашық сөйлесетін ата-аналар – 85%;
- Баланың сезімдерін басқаруға арнайы уақыт бөлетіндер – 78%;
- Осы бағытта психолог мамандардың көмегі мен кеңесіне мұқтаж жандар – 65%.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Баланың эмоциясын басқаруға бағытталған тренингтер ұйымдастыру.
2. Ата-аналарға арналған практикалық кеңес парақшаларын әзірлеу.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Сауалнама қорытындысы бойынша бөбекжай педагогтеріне ата-аналармен жұмыста эмоционалдық даму тақырыбын жиі қозғау және жеке кеңестер беру ұсынылды.

Жиналыс төрайымы: Г.Т. Кусаинова
Хатшы: В.С. Хайруллина

«Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әкелер мектебімен» өткізген шараның ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: «11» қазан 2024 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай әкімшілігі, тәрбиешілер, топ әкелері (жалпы саны: 4 әке)
Күн тәртібі:

1. «Әкелер мектебінің» ашылуы және оның мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. **«Адал еңбек – ардың ісі»** тақырыбында кездесу: «Адал азамат» бағдарламасы аясында баланы еңбекқорлыққа, жауапкершілік пен отансүйгіштікке баулудағы әкенің рөлі.
3. Әкелермен пікір алмасу, ұсыныстар қабылдау және алдағы жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:
1. Бірінші мәселе бойынша: Бөбекжай әдіскері сөз алып, «Адал азамат» жалпыұлттық бағдарламасы аясында бөбекжай жанынан **«Әкелер мектебі»** клубының ашылғанын
хабарлады. Ол бұл клубтың мақсаты — бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін арттыру, отбасы мен бөбекжай арасындағы тәрбиелік серіктестікті нығайту және ұл-қыздардың бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру екенін түсіндіріп өтті.
2. Екінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі **«Адал еңбек – ардың ісі»** тақырыбында баяндама жасады. Өз сөзінде тәрбиеші:
- Баланың кішкентай күнінен еңбекті құрметтеуі тікелей әкенің үлгі-өнегесіне байланысты екенін;
- «Адал азамат» ұғымының негізі — өз ісіне жауапкершілікпен қарау, өзгенің еңбегін бағалау және Отанды сүю екенін атап өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша: Кездесуге қатысушы әкелер сөз алып, бұл бастаманы толық қолдайтындарын білдірді. Олар бөбекжайа өміріне, әсіресе сенбіліктер мен спорттық сайыстарға белсенді қатысуға дайын екендіктерін айтып,
«Әкелер мектебінің» алдағы отырыстарының тақырыптары бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

Шешім:

1. Бөбекжай жанынан құрылған «Әкелер мектебінің» жұмысы мақұлдансын және белсенді түрде жүргізілсін.
2. Әкелер отбасында балаға адалдық, еңбекқорлық және жауапкершілік тұрғысынан жеке үлгі-өнеге көрсетуге, бөбекжаймен тығыз байланыста болуға шақырылсын.
3. «Адал азамат» бағдарламасы аясында ұйымдастырылатын келесі отбасылық іс-шараларға әкелердің қатысуы 100% қамтамасыз етілсін.

Жиналыс төрайымы: Г.Т. Кусаинова
Хатшы: В.С. Хайруллина



КЕҢЕС БЕРУ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: «18» қазан **2024** жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері және ата-аналар

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. **«Гаджеттер және бала: пайдасы мен зияны»** тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.
2. Ата-аналармен кері байланыс орнату, сұрақ-жауап және ұсыныстар қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша: «Балапан» тобының тәрбиешісі Бекқазы А.А. сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында қазіргі таңдағы бала тәрбиесі мен дамуындағы цифрлық технологиялардың рөліне тоқталды. Тәрбиеші гаджеттердің (смартфон, планшет) баланың танымдық қабілетін арттырудағы оң әсерлерін (дамытушылық ойындар, тіл үйрену) атап өтті. Сонымен қатар, телефонды бақылаусыз және шамадан тыс қолданудың зияны (көздің көруі төмендеуі, тілдің кеш шығуы, психологиялық тәуелділік) туралы ескертті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) ұсыныстарына сәйкес, мектепке дейінгі жастағы балаларға экран алдында күніне 1 сағаттан артық отыруға болмайтынын түсіндірді. Ата-аналарға балаларға шынайы балама (кітап оқу, бірлескен ойындар, серуендеу) ұсынуды және «цифрлық гигиена» ережелерін сақтауды ұсынды.

ПІКІР АЛМАСУ:

Жиналыс барысында ата-аналар сөз алып, баланың үйде телефонды жиі сұрайтынын және одан қалай алшақтатуға болатыны туралы сұрақ қойды. Тәрбиеші бұл мәселеде ата-ананың жеке үлгісі маңызды екенін және баланы басқа қызықты іс-әрекеттерге (сурет салу, ермексазбен жұмыс) баулу қажеттігін айтып, жауап берді.

Тағы бір ата-ана (Ата-ананың аты-жөні) кеңестің өте өзекті екенін, мұнда айтылған ережелерді үйде міндетті түрде қолданатынын жеткізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. «Гаджеттер және бала: пайдасы мен зияны» тақырыбындағы кеңес бойынша берілген ақпараттар мен ұсыныстар ата-аналар қауымдастығы тарапынан қаперге алынсын.
2. Жас ерекшеліктеріне сай, балалардың гаджеттерді қолдану уақыты үйде қатаң бақылауға алынсын (күніне 1 сағаттан асырмау).
3. Тәрбиеші дайындаған «Бала және телефон» атты жадынамалар (буклеттер) ата-аналар чатына электронды түрде таратылсын.

Жиналыс төрайымы — Г. Т.Кусаинова

Хатшы — В.С. Хайруллина

«БІРГЕ ҮЙРЕНЕМІЗ» АШЫҚ ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ
ХАТТАМА №5

Өткізілген күні: 15 қараша 2024 жыл

Қатысқандар: ата-аналар, тәрбиешілер, әдіскер

Тақырыбы: «Бірге үйренеміз» ашық шеберлік сыныптары (Master-classes)

ІС-ШАРА БАРЫСЫ:

Ата-аналар топтарға бөлініп, келесі шеберлік сыныптарына қатысты:
1. «Қол моторикасын дамытуға арналған ойындар».
2. «Логика мен математикалық ойлауды бірлесіп дамыту».
3. «Баламен бірге ертегі терапиясын жүргізу әдістері».

ҚОРЫТЫНДЫ:

Ата-аналар іс-шараға белсенді қатысып, баламен үй жағдайында орындауға болатын көптеген практикалық дағдыларды үйренді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Осындай ашық практикалық іс-шаралар маусым сайын ұйымдастырылып тұрсын.
2. Шеберлік сыныптарының бейнематериалдары ата-аналардың чаттарына жіберілсін.

Жиналыс төрайымы Г. Т.Кусаинова

Хатшы В.С. Хайруллина

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КӨРМЕ БОЙЫНША ХАТТАМА №6

Өткізілген күні: 20 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: тәрбиеленушілер, ата-аналар, педагогтер

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтар отбасы айнасында» («Адал азамат» бағдарламасы аясында)

КӨРМЕГЕ ҰСЫНЫЛДЫ:

- Киізден және табиғи материалдардан жасалған бұйымдар;
- Ұлттық нақыштағы қолөнер туындылары мен макеттер;
- «Менің отбасымның шежіресі» тақырыптық суреттері.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Көрмеге 15-тен астам бірегей отбасылық жұмыс келіп түсті. Ерекше көзге түскен және белсенділік танытқан отбасылар балабақша атынан алғыс хаттармен марапатталды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Отбасылық құндылықтар мен патриоттық тәрбиені арттыратын жобалар алдағы уақытта да қолдау тапсын.
2. Балалардың шығармашылық жұмыстарынан балабақша дәлізінде тұрақты бұрыш ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы Г. Т.Кусаинова

Хатшы В.С. Хайруллина

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ХАТТАМАСЫ №7

Өткізілген күні: 17 қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: ата-аналар, тәрбиешілер, әдіскер

Тақырыбы: «Баланың дербестігі мен жауапкершілігін қалыптастыру»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі жастағы баланың өзіне-өзі қызмет ету дағдылары.
2. Отбасында балаға кішігірім міндеттер жүктеудің маңызы.
3. Еркін пікір алмасу және сұрақ-жауап.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер баланың еркіндігі мен дербестігін шектемеудің, сонымен қатар оны белгілі бір жауапкершілікке үйретудің психологиялық жолдары туралы баяндама жасады.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Ата-аналар балаларының үйдегі мінез-құлқы, ойыншықтарын жинауға ықыласы және өз бетінше киіну дағдылары туралы қиындықтарымен және тәжірибелерімен бөлісті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Балабақшада да, үйде де баланың дербес әрекет етуіне бірдей талаптар қойылсын.
2. Ата-аналар үшін «Баланың дербестігін қалай дамыту керек?» атты жадынамалар таратылсын.

Жиналыс төрайымы Г. Т.Кусаинова

Хатшы В.С. Хайруллина

«ТОЛАҒАЙ» ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №8

Өткізілген күні: 11 сәуір 2025 жыл

Қатысқандар: тәрбиеленушілер, ата-аналар, дене шынықтыру нұсқаушысы

Тақырыбы: «Толағай» отбасылық-интеллектуалдық және спорттық сайысы

ІС-ШАРА БАРЫСЫ:

Сайыс екі негізгі бөлімнен тұрды:

1. Спорттық эстафеталар («Жүйрік отбасы», «Кедергілерден өту»).
2. Интеллектуалдық кезең (Логикалық сұрақтар мен жұмбақтар шешу).

НӘТИЖЕСІ:

Сайысқа қатысқан барлық отбасылық командалар жоғары белсенділік пен ұйымшылдық көрсетті. Жеңімпаздар мен қатысушылар арнайы дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Спорттық және интеллектуалдық бағыттағы отбасылық сайыстар балабақшаның дәстүрлі шаралары қатарында қалдырылсын.
2. Ата-аналардың спорттық белсенділігін арттыру жұмыстары жалғассын.

Жиналыс төрайымы Г. Т.Кусаинова

Хатшы В.С. Хайруллина

ҚОРЫТЫНДЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №9

Өткізілген күні: 21 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: 28 ата-ана

Тақырыбы: «Біз өстік, біз дамыдық» жалпы ата-аналар жиналысы (Оқу жылының қорытындылары)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылында атқарылған бірлескен жұмыстардың есебі.
2. Балалардың даму көрсеткіштері мен мониторинг нәтижелері.
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиешілер мен әкімшілік өкілдері жыл бойы ата-аналармен бірге өткізілген көрмелер, сайыстар және шеберлік сыныптарының оң нәтиже бергенін атап өтті. Балалардың жас ерекшелігіне сай білім мен тәрбие көрсеткіштерінің өсу деңгейі таныстырылды.

Ата-аналарға жаз мезгіліндегі су айдындарындағы қауіпсіздік, күн өтуден сақтану шаралары бойынша нұсқаулықтар мен жадынамалар берілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Атқарылған оқу-тәрбие және отбасымен жұмыс нәтижелері жоғары дәрежеде деп танылсын.

2. Жазғы сауықтыру және демалыс кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін, нұсқаулық қатаң сақталсын.

Жиналыс төрайымы Г. Т.Кусаинова

Хатшы В.С. Хайруллина

: